



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

14 маусым
сенбі

№43 (2156)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

ДӘРІГЕР БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласы
қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі

**Президент жиналған қауымды
Медицина қызметкерлері күнімен
құттықтап, осы мерекеге орай
дәрігерлермен Ақордада алғаш
рет кездесіп отырғанын әрі бұл
жиынның мән-мағынасы ерекше
екенін атап өтті.**

– Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, ұлт саулығы – еліміз үшін аса маңызды құндылық. Әлемнің «екінші ұстазы» – Әл-Фараби медицинаны өнер деп бағалаған. Расында, дәрігер болу – жүректің ісі. Бұл – екінші бірі аяқ баса бермейтін жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Медицина қызметкерлері – ұлт саулығының сақшылары, ең қадірлі мамандық иелері. Әсіресе, жаһандық індет, яғни, ковид кезінде бүкіл ел дәрігерлердің адал қызметіне куә болды. Күрделі кезеңде медицина мамандары мыңдаған адамды құтқарып қалды. Біз абзал жандардың табанды еңбегін бағалаймыз. Олардың қайсарлығын мақтан тұтамыз. «Бір адамның өмірін құтқару барша адамзатты құтқарумен бірдей». Дәрігерлер ота кезінде, аурухана палатасында күн сайын ерлік жасайды десек, артық болмайды. Желел жәрдем көлігінде адам өміріне араша түсетін сәттер болады. Сондықтан сіздер, құрметті медицина қызметкерлері, бейбіт күннің батырлары деген атқа лайықсыздар. Мен барша медицина мамандарына зор ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ дәрігерлері қай кезде болсын, ел мүддесін бәрінен биік қоя білгенін, ұлт қайраткерлері Халел Досмұхамедов пен Санжар Асфендияровтың белгілі дәрігер болғанын, олар халқымыздың азаттығы үшін де, саулығы үшін де аянбай күрескенін атап өтті.



– Бүгінде еліміздің денсаулық сақтау саласында 380 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Әр маманның еңбегі орасан зор. Ұлт саулығын сақтауға бүкіл өмірін арнаған тұтас әулеттер бар. Алматыдағы Джуашевтер әулетінен 13 адам медицина саласын таңдаған. Олардың жалпы еңбек өтілі – 375 жыл. Ал Атырау облысындағы Шанаевтар әулетінен 16 дәрігер шыққан. Мұндай еңбек династияларының ғибратты жолы – көпке үлгі-өнеге. Қазір ұлттық медицина саласы қарқынды дамып келе жатыр. Жетістіктеріміз аз емес. Елімізде орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті. Ана мен бала өлімі шамамен 12

пайызға азайды. Бес жылда 800-ге жуық денсаулық сақтау нысаны, яғни, көптеген емхана мен аурухана салынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, мемлекет алдағы уақытта да инфрақұрылымды дамыта береді. Ұлт саулығын жақсарту алғашқы медициналық көмектен басталады. Елімізде ауылдық жердегі медицина жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде 469 ғимарат бой көтерді. Жыл соңына дейін тағы 186 нысан салынады. Аудандық ауруханалар заманға сай құралдармен жабдықталып жатыр, – деді Президент.

2-БЕТТЕ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жүзеге асқалы бері жүйеге қатысты дау-дамай басылған емес. Қарапайым халық мұны мақұлдаса да, мамандар сол арқылы сапалы медициналық қызмет көрсетіледі деп сендіріп келеді.

Медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына биыл 5 жыл толды. Осы аралықта салада біршама өзгеріс жасалды. Жұртшылық бұл жүйеге үйренісе бастағандай. Алайда кең ауқымда медициналық қызмет алуға тек сақтандырылған азаматтардың мүмкіндігі бар. Көпшілікті қынжылтатыны да осы.

Жүйедегі осы және өзге де кемшіліктер Парламент мәжілісінде кеңінен талқыланып жүр. Мәселен, халық қалаулылары МӘМС-тегі 2 триллион теңгенің бақылаусыз жұмсалып жатқанын, емдеу мекемелерінің жалған есеп бергендерін ашық айтып келеді. Депуттардың жүйедегі қателіктер мен сала мамандарының өрескел іс-әрекеттерін қатаң

МӘМС мәселесі: Не өзгереді?



сынауының нәтижесінде аудиторлар арнайы тексеру жүргізіп, біршама былықтың бетін ашқан. Ал биылдан бастап МӘМС жүйесіне қатысты заң жобасына бірқатар өзгеріс енгізілмек. Заң жобасымен жұмыс барысында арнайы құрылған жұмыс тобымен 19 отырыс өткізіліп 200-ге жуық түзетулер қаралған. Өткен айда «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мәжілісте мақұлданды. Бұл өз кезегінде МӘМС жүйесін жетілдіруге бағытталмақ.

МӘМС мәселелері бойынша өзгеріс енген заң жобасында мына жайттарға басымдық берілген: базалық мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру, жергілікті бюджет қаражаты есебінен тіркелген жұмыссыздардың және дағдарыс жағдайындағы адамдардың медициналық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне мемлекет жарналарының мөлшерлемесін кезең-кезеңімен өзгерту жоспарланған. Бұған депутаттар да бірқатар өзгерістерді ұсынған.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
**Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.**
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

МАУСЫМ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКЕСЕНБІСІ – ӘКЕЛЕР КҮНІ

Айдос РАХМЕТОВ, айтыскер ақын:

ӘКЕ ӘРЕКЕТІМЕН ҮЛГІ БОЛУЫ КЕРЕК



Бір әннен:
«Қонған емес ешкімге шыңжырлы бақ,
Бірде тасып, тұрамын бір құлдырап.
«Үйретпепті әкесі» деген сөзді,
Есітпеуге тырысып жүрмін бірақ», – деген жолдарды тыңдағанмын.

Бала жақсы болса да, жаман болса да, «кімнің баласы?» деген сұрақ қойылады. Сонда әкенің абыройы мен беделі баланың қандай болғанына байланысты екен ғой...

Жағдайды әкенің қабағынан, шешенің жанарынан ұғатын қазақ маусым айының үшіншісі жексенбісін Әкелер күні деп белгілеген. Осы орайда белгілі айтыскер ақын Айдос Сәндібекұлынан сұхбат алудың сәті түскен еді...

4-БЕТТЕ

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі Олжас Бектенов
Rosa Group директорлар кеңесінің
төрағасы Сантьяго де Гомар Рокамен
кездесіп, Қызылорда облысында
сантехникалық зауыт салу жобасын
жүзеге асыру, инвестициялық
ынтымақтастықты одан әрі нығайту
перспективаларын талқылады.
Кездесуге облыс әкімі Нұрлыбек
Нәлібаев та қатысты.

ӨНДІРІС ӨРКЕН ЖАЯДЫ



Үкімет басшысы өнеркәсіптік өндірісті локали-зациялау экономиканы құрылымдық нығайтудағы басым міндет екенін атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі басым бағыты аясында отандық өндірісті қолдауға және сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған импортты алмастыру саясаты белсенді дамып келеді.

Қазақстан мен Испания – стратегиялық серіктестер. Сондықтан біз компанияны сенімді серіктес ретінде көреміз және индустриялық даму үшін жоғары технологиялық өндіріс тартуды құптаймыз. Үкімет жобаның сәтті жүзеге асуы үшін қажетті көмек көрсетеді, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары техноло-гиялық зауыт Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында орналасады. Осы мақсат үшін жер телімі белгіленді. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа және Орталық Азия елдеріне экспортқа шығаруға бағытталған. Жоба құны 70 миллион еуро, 300 жаңа жұмыс орны ашылады. Өндіріске қажетті негізгі бес компоненттің үшеуі Қызылорда облысының өзінен қамтамасыз етіледі.

Rosa Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рока компаниясы Қазақстанды өңір-дегі бизнесті дамытудың стратегиялық алаңы ретінде қарастыратынын атап өтті. Бүгінде Rosa Group сала-дағы әлемдік көшбасшылардың бірі саналады. Ком-панияның 78 зауыты, 20 мыңнан астам қызметкері бар.

2-БЕТТЕ

Жұмысшы топтың жұмысы тоқтамайды



Мемлекет тарапынан кәсіп ашуға, оны дамытуға қолдау көп. Әсте, солай екен деп, бедел басып, кәсіп арқылы өзгенің құлын таптауға немесе жайлы өмір сүруіне кедергі келтіруге жол жоқ. Облыс әкімінің тапсырмасымен жақында арнайы жұмысшы топ құрылған. Қазіргі таңда заңды өрескел бұзып, «қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» деген қағидамен ойындағы жоспарды жүзеге асырып кететіндер көп екен.

Жұмысшы топ не істейді деген ой келеді. Мұнда кәсіпкерлікке байланысы бар түрлі сала өкілдері бас қосқан. Жер кадастры, архитектура тәрізді сала мамандары кәсіп «қожайынның» қолынан шыққан осындай идеяларды анықтап, оның заңдылығына ден қояды. Қайшы келсе, ұзатпай, олқылықты реттеу мақсатында шара көру үшін тиісті органдарға жөнелтеді.

– Қаланың сәулеттік келбетіне зиян келтіріп, мемлекеттің жерін заңсыз иеленіп, өз бетінше бейберекет құрылыс жұмыстарын жүргізген, адамның жүріп-тұруына қолайсыз жағдайды қалыптастырып, жауа жүргінішілер жолын бұзып, тас төсеніштерді қопарған деген тәрзіді фактілер тіркеліп жатыр. Комиссия құрылғалы 158 нысанды анықтады. Оның 95 дерегі облыстық сәулет, қала құрылысын бақылау басқармасына жолданды. Әрі қарай олар заң талаптары бойынша бұздыру, бастапқы калпына келтіру немесе құрылысын тоқтату сияқты шараларды қолданады, – дейді қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхаммед Сырлыбаев.

2-БЕТТЕ

ДӘРІГЕР БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласы қызметкерлерін марапаттау рәсiмiнде сөз сөйледi

Мемлекет басшысы елімізде медициналық туризм қарқынды түрде дамып келе жатқанын жеткізді. Жыл сайын 45 мемлекеттен шамамен 10 мың адам Қазақстанға емделу үшін арнайы келеді. Бұл еліміздегі дәрігерлік көмектің сапасы жоғары екенін көрсетеді.

— Бүгінде көптеген ауруханаларымыз халықаралық аккредиттеуден өткен. Нейрохирургия мен Кардиохирургия ұлттық орталықтары әлемдік клиникалар деңгейінде жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетеді. Қазақстандық дәрігерлер жүрекке жыл сайын мыңдаған ашық операция жасайды. Емделушілердің қатарында тіпті, жаңа туған нәрестелер де бар. Елімізде органдарды трансплантациялау ісі жоспарлы түрде дамып келеді. Жуырда жүрек ауыстыруға арналған жүзінші ота сәтті өтті. Биыл алғаш рет бір мезетте үш адамға үш донордың бүйрегін тоғыспалы трансплантация тәсілімен салды. Өздеріне сәйкес келетін органдарды алу үшін пациенттер бір-біріне донор болды. Мұндай күрделі операциялар дүние жүзінде алты елде ғана жасалады. Онкологиялық ауруларды емдеуге сәуле терапиясының озық әдістері қолданылып жатыр. Былтырдан бері елімізде мүлде жаңа бағыт — фетальді медицина дами бастады. Яғни, бұл — ана құрсағындағы

Басы 1-бетте



шаранаға операция жасау деген сөз. Мұндай бірегей медициналық көмек көптеген баланың дүниеге дені сау болып келуіне мүмкіндік сыйлайды. Сирек кездесетін сырқаты бар адамдарды емдеу мен денсаулығын жақсартуға ерекше мән берілуде. Мемлекеттің алдында мұндай науқастарды шетелдік қымбат дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету секілді күрделі міндет тұр. Осы орайда менің ұсынысым бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қоры

үлкен қолдау көрсетіп отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға айрықша назар аударатынын айтты.

— Ірі халықаралық инвесторларды тарта отырып, стратегиялық сипат алған бұл саланы дамытуға күш салу маңызды. Алдағы уақытта медицина ғылымының әлеуетін толықтай игеру керек. Ол үшін қазірдің өзінде берік негіз бар. Ғалымдарымыз онкология, трансплантология, неонатология, генетика, биомедицина салаларында тың жаңалықтар ашты. Қан ауруларын емдеуге отандық препараттар қолданылып жатыр. Жасанды интеллект сырқаттарды анықтау мен емдеудің көзжигігін кеңейтеді. Аталған перспективті салада айтарлықтай серпіліс жасау қажет. Ядролық медицинаның мүмкіндігін де барынша пайдаланған жөн. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі — елдегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, олардың мәртебесін көтеру — мемлекеттің негізгі міндетінің бірі екеніне тоқталды.

— Менің тапсырмаммен былтырдан бастап «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы беріле бастады. Бұл — медицина қызметкерлеріне деген айрықша құрметтің белгісі. Соңғы 5 жылда денсаулық сақтау саласындағы жалақы екі есеге жуық өсті.

Медицина кадрларын даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждердің шәкіртакысы көбейді. Жас мамандардың білікті дәрігерден

береді. Дәрігерді халықтың қамқоршысы деуге болады. Барша жұрт мұны терең түсініп, оларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіс. Өкінішке қарай, қоғамда дәрігердің жұмысына кедергі жасап, тіпті, қокан-лоқы көрсететін адамдар әлі де бар. Медицина қызметкерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін заңсыз әрекетке жол беруге болмайды. Қоғамдық тәртіпті бұзатын осындай адамдар міндетті түрде заң аясында жауапкершілікке тартылады. Заң мен тәртіп барлық жерде бірдей қатаң сақталуға тиіс. Біз сонда ғана Әділетті әрі Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы орайда медицина қызметкерінің рөлі айрықша, — деді Мемлекет басшысы.

Президент дәрігерлердің еңбегі қашанда лайықты бағалануы керек екенін айтып, медицина майталмандарын мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойғанын жеткізді.

Жиында С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің кафедра



тағылым алып, кәсібіне тез бейімделіп кетуіне барынша жағдай жасалуда. Жалпы, денсаулық сақтау ісіне бөлінетін қаржы жыл өткен сайын артып келе жатыр. Биыл оның көлемі 2,6 триллион теңгеге жетті. Мемлекет медицина қызметкерлеріне қолдау көрсете

менгерушісі Құралбай Құрақбаев, еңбек ардагері Жексенбай Нысанов, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС филиалының зертхана менгерушісі Екатерина Остапчук сөз сөйледі.

akorda.kz

ӨНДІРІС ӨРКЕН ЖАЯДЫ

— Қазақстан — Орталық Азиядағы жұмыс ауқымын кеңейту үшін қиынды таңдау. Біз елді бүкіл аймақ үшін тиімді жұмыс істей алатын өнеркәсіптік және логистикалық хаб ретінде қарастырамыз. Мұнда өндірісті дамытуға қолайлы жағдай жасалған және Қызылорда об-

Rosa Group компаниясымен ын-тымақтастық былтырғы желтоқсан айында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Испанияға жұмыс сапары барысында басталған болатын. Содан бері инвестормен бірлесіп, бірқатар нәтижелі жұмыс жүргізілді.

— Мемлекет басшысының инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында біз шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Rosa Group — санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Бүгін Қызылорда



лысындағы жоба жергілікті экономиканың дамуына үлес қосып, халықаралық стратегиямыздың маңызды бөлігіне айналатынына сенімдіміз, — деді Сантьяго де Гомар Рока.

Кездесуде ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және Rosa Group инвестиялық жобаны жүзеге асыру қағидаттары туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Бұл құжат — тараптардың санитарлық-техникалық бұйымдар өндіретін зауыт жобасын бірлесіп жүзеге асыруға ниетті екенінің ресми дәлелі.

Басы 1-бетте

«Мемлекет басшысының инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында біз шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Rosa Group — санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Бүгін Қызылорда облысы үшін маңызды қадам жасалды, біз компаниямен өндірісті іске қосу жөніндегі негіздемелік келісімге қол қойдық. Аталған зауыт Орталық Азиядағы ірі жобалардың бірі болмақ. Ол ішкі нарықты отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді».

облысы үшін маңызды қадам жасалды, біз компаниямен өндірісті іске қосу жөніндегі негіздемелік келісімге қол қойдық. Аталған зауыт Орталық Азиядағы ірі жобалардың бірі болмақ. Ол ішкі нарықты отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз — инвесторға қолайлы жағдай жасап, жобаны сапалы әрі уақытылы іске асыру, — деді Н.Нәлібаев.

Бұл бастама өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырумен қатар, жаңа өндірістер құру арқылы тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға да мүмкіндік береді.

«Ақмешіт-ақпарат»



үлгеріпті. Үлкен жолды қысыр жылан қысылып өтетін тар жолға айналдырған меншік иесі қазір де жаяулар жолын өзіне қайтарды.

ЖҮМЫСШЫ ТОПТЫҢ ЖҮМЫСЫ ТОҚТАМАЙДЫ



Дінмұхаммед Мұратбекұлының айтуынша, меншік иелерін анықтау бағытында «Азаматтарға арналған үкіметпен» бірлесе жұмыс істелуде. Әр сала маманы өзінің міндеті аясында жұмыс істейді. Мәселен, жер бөлімі жерді заңды немесе заңсыз алынғанын, нысаналы мақсатына сәйкес келмейтінін немесе келетінін анықтайды. Заңсыз иеленіп, қоршап алынған жерлер болса, инспекция тарапынан шара көріледі.

Таяуда ғана жұмысшы топ жаяу жүргіншілер жолының жартысынан көбін иемденіп алып, өзінің кәсіпкерлік нысанының ауқымын кеңейткенін нысанға ілді. Жағдайды қала әкімі Нұржан Ахатов тікелей өзі бақылап, жаяу жүргіншілер жолы қалпына келтірілген болатын. Тіпті, тас төсе-ніштерді ойып, бұзып, бағана да салып

Басы 1-бетте

— Желтоқсан көшесі, 25 үйдің бірінші қабатынан тұрғын үй-жайды қайта жабдықтау жұмыстарын жүргізіп, тұрғын үй емес үй-жай етіп дайындаған. Құрылысқа рұқсаттарының бәрі бар. Бірақ құрылыс жұмыстары кезінде жаяу жүргіншілер жолын қоршап алған. Заңсыз иеленіп, мемлекеттің мүлкіне зиян келтірген. Біз құқық қорғаушылармен бірге барып, аба-тандыру қағидаларын бұзу, мемлекеттің мүлкіне зиян келтіру деп шара қолдандық. Мемлекеттік құрылыс бақылау басқармасы да шара көрді. Біз қоршауды бұздырып, жаяу жүргіншілер жолын жөндеттік. Қазір халық еркін өтіп жатыр, — дейді бөлім басшысы.

Қала орталығындағы Қазыбек би көшесінде орналасқан бірнеше нысан да жұмысшы топтың назарынан тыс қалмады. Ғимаратпен жапсарлас орналасқан заңсыз дүңгіршектер мен тіркеуде жоқ кәсіпкерлік қызмет иелеріне де ескерту берілді. Мұндай тексеру жұмыстары күшейтілген түрде жүргізіле береді.

Ал орталықтағы «Нұрмағанбет» кафесінің заңсыз салынғаны анықталып, облыстық мемлекеттік саулет және қала құрылысы басқармасына хат жолданды. Зерделеу нәтижесінде қала орталығындағы «Сохо» мейрамханасының екінші қабаты, яғни террасасының заңсыз салынғаны да белгілі болды. Кәсіпкер тиісті талаптарды сақтамай, ғимаратын рұқсатсыз кеңейткен. Мейрамхана басшылығына ескерту беріліп, шара

көру үшін тиісті орындарға хабарлама берілді. Ал «Loft» мейрамханасының иесі жанындағы «Veranda» кафесін салу үшін құрылыс тұрмақ, жердің де құжатын рәсімдемеген. Кәсіпкерге заңға сәйкес тиісті шаралар көрілді.

Атақты батыр Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деген керемет сөзі бар. Кәсіп істеген жан өзін ғана емес, өзгені де ойлауы керек. Сонда ғана кәсіп берекелі болады. Жұмысшы топтың жұмысы тоқтамайды. «Көш жүре түзеледі» деп, қол қусырып отыратын кез емес. Қоштің түзелетін кезі келді...

Дәулет ҚЫРДАН

МӘМС мәселесі: Не өзгереді?

Нақты айтқанда, халық қалаулылары тегін медициналық көмекті қамтамасыз етуде алғашқы медициналық-санитарлық көмек, әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеуді, сақтандыру мәртебесіне қарамастан жеке скринингтік тексеруді енгізуді, міндетті медициналық сақтандыруға жарналарды есептеудің шекті мөлшерін қызметкерлер үшін ең төменгі жалақының 50 есeden 20 есесіне және жұмыс берушілер үшін 40 есеге дейін төмендетуді, 5 жыл катарынан жарналарды төлеген тұлғалар үшін жарналарды төлеу тоқтатылғаннан кейін 6 айға дейін сақтандыру мәртебесін сақтауды, әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізімін қамтамасыз етуді ұсынды.



МӘМС қоры мен денсаулық сақтау нысандарының қаржылық қызметінің ашықтығын арттыру заңда көзделмек. Атап айтқанда, енді МӘМС қоры мен денсаулық сақтау мекемелері бөлінген қаржының жұмсалуды туралы ақпаратты жариялауға міндеттелмек. Ал бұл шартты орындамаған жағдайда қаражатты қайтаруы тиіс. Сондай-ақ тиісті органның нұсқауы бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізіледі. Тіпті мұндай тексеру жұмысы БАҚ-тағы жарияланымдар негізінде де жүзеге асырылады.

Заң жобасына енгізілген өзгерістер ішінде көпшіліктің көкейіне қонғаны МӘМС жүйесіне жарналарды тұрақты төлеген азаматтарға жарна төлеу тоқтатылған күннен бастап алты ай бойы медициналық көмек көрсету. Яғни 5 жыл бойы медициналық сақтандыру төлемі тұрақты төленген азаматтарға аяқасты төлем тоқтаған жағдайда алты ай бойы тегін медициналық қызмет көрсетіле береді. Мұны Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов былай деп түсіндірді:

— Бұрын екі-үш ай жарна төлемей қалсаң, жүйеден шығарып жіберетін. Жарна төленбесе, медициналық көмек ала алмайтын.

Басы 1-бетте

Улша САПИҚЫЗЫ,

«Достармед Line» клиникасының бас дәрігері :

Сары аурудан сақ болыңыз

Жаз мезгілі – демалыс пен тынығуға қолайлы уақыт болғанымен, дәл осы кезеңде жұқпалы аурулар жиі белең алады. Соның бірі – халық арасында «сары ауру» деп танылған вирусты гепатит. Бұл дерттің алдын алу жолдары мен сақтық шаралары қандай? Осы сұрақтар бойынша дәрігер Улша Сәпикқызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Қазір сары аурудың (гепатиттің) қай түрі жиі кездесіп жатыр?

– Бүгінде вирусты гепатит, әсіресе А түрі жиі кездесуде. Әдетте бұл ауру жаз мезгілінде өршіп кетеді. Бұл аурудың өршу себебі көбінесе жеке бас гигиена сақтамағанынан пайда болады. Қарапайым ережені сақтаған жөн. Тамақ ішер алдында қол жумаяу, жеміс жидік, көкөністерді жумай жеп, тазалыққа немқұрайлы қараудың өзі ауру жұқтыруға бірден бір себеп. Ас сапасының төмендеуі де әсер етеді. Құнарсыз тамақ, көше тағамдары, газдалған сусындар ағзаның әлсіреуіне әкеліп соғады. Соның әсерінен иммунитет төмендеп, ағза вирусты тез қабылдайды. Қауіп тек тамақ арқылы емес, тіпті сән салондарында дұрыс зарарсыздандырылмаған маникюр және педикюр жасайтын құралдардан, стоматологиялық немесе хирургиялық құралдардан да қауіп төнуі мүмкін. Сары аурумен ауырған наукаспен кемінде үш апта байланыс орнатпаған жөн. Себебі вирус әлі де өршуі мүмкін. Қазіргі таңда өңірде де балалар мен жасөспірімдер арасында гепатит А вирусы ересектерге қарағанда жиі көрініс табуда.

– Аурудың алғашқы белгілері қандай болады? – Алғашқы белгілері тұмауға ұқсас келеді. Көбі оны тұмаумен шатастырып, бейкам қарайды. Тіпті ауру асқынып кетеді. Дене қызуы көтеріледі, әлсіздік, жүрек айну, төбеттің төмендеуі байқалады. Бірнеше күннен кейін көздің ағы мен терісі сарғайып, зәрдің түсі қоңырланады. Оң жақ бауыры сыр береді. Бұл – сары аурудың айқын белгілері. Мұндайда өз бетінше емделмей, міндетті түрде дәрігерге жүгіну қажет.

– Гепатитке қарсы вакцина салдыру қажет пе? – Әрине. Сары аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Ата-аналардың кейбірі екпелен күдіктеніп жатады. Алайда вирустық гепатитке қарсы вакцина – қауіптің алдын алудың бірден бір жолы. Егер адам бұрын соңды бұл аурумен

ауырмаған болса және екпе алмаған болса, онда жұқтыру қаупі жоғары болады. Қазір елімізде 2 жастан бастап 14 жасқа дейінгі балаларға А гепатитіне қарсы екпе мемлекет тарапынан тегін жүргізіледі.

– Бұл дерттен толық айығуға бола ма? – Иә, бірақ бұл онай емделсе салатын дерт емес.

Гепатитпен ауырған науқастар диспансерлік бақылауда тұрады. Дәрігерлер жіті бақылау жасайды. Атап айтқандай, тазалық пен тұтынатын күнделікті тағамымызға сақтықпен қарауымыз шарт. Сонымен қатар бауырға ерекше күтім қажет. Себебі сары аурудан кейін бауырға зақым келеді. Майлы, қуырылған, консервіленген тағамнан бас тарту қажет. Сондықтан дәрігердің нұсқауымен жүрген абзал.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
Айдана
БАХТИЯР

Айдана СЕЙІЛ

«Алдына келген науқастың алдымен жан дүниесіне үйілу керек. Тән жарасын таңу ешқайда қашпайды», – деп бастады әңгімесін аға мейіргер Ақмаржан Жаңабаева.

Ақмаржан десе, ақ маржан екен. Жаңына шуақ шашқан жып-жылы сөздері-ақ бар дертіңді ұмыттырып жіберердей. Көңілдің көңілден су ішетіні тәрізді, өзінен кейінгі жас мамандардың жадына да осы қасиетін сіңіріп келеді. Біз айтып отырған Ақмаржан Серікқызы – №6 қалалық емхананың күндізгі емдеу бөлімінің аға мейіргері.

Ақмаржан ЖАҢАБАЕВА, №6 қалалық емхананың күндізгі емдеу бөлімінің аға мейіргері:

ЖҰМЫСЫҢА ЖАЛАҚЫ АЛУ ҮШІН ЕМЕС, ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ ҮШІН КЕЛГЕНІҢ АБЗАЛ


– Әдепкіде бұл мамандықты таңдағым

келмеді. Бірақ ата-анамның ақылын тыңдадым. Қазір әрбір жұмыс күні қанша жанның денінің саулығына атсалысып жүріп, оларға алғысымды айтып жүремін. Меніңше, әр адам күнделікті жұмыс күнін жай өткізбей, сол әр күнде кемінде бір жақсылық жасауы керек. Өйткені біздің жұмыс жақсылық жасаудан тұрады, – дейді күлімісір.

Еңбек жолын №6 емханада бастады. Содан бері осында еңбек етіп келеді. Осыдан ширек ғасыр бұрын келген жас маман бұл күнде кейінгіге ақыл айтып отырған бас маманға айналды. Мойынға артылған жұмысты жауапкершілікпен атқарып, Гипократ анттына берік болып жүрген Ақмаржан Серікқызы өмірде мықты маман әрі адам болуын үшін үлгі тұтар тұлғаннан жанылыспау керек екенін айтты.

– Мен ата-анамды үлгі тұтамын. Әкем де, анам да маңдай терімен нан тауып, ұрпағына лайықты тәлім беріп келеді. Бала айтқандай емес, көргенін алады. Олар осы бағытта бізге әрдайым үлгі көрсетіп келеді. Әлі күнге менің өмірлік ұстаздарым, олардан үйренерім көп. Жұмысты адал атқарып, мойындағы міндетті жалақы алу үшін ғана емес, алғыс алу үшін де атқару керекін бойыма сіңірді. Мен олардың алдында басымды иемін. Қызметте де, өмірде де сәл бір жетістікке жетсем, сол кісілердің арқасы, ақ батасының, берген тәлімінің жемісі, – дейді ол.

«Елге айтқаның өз бойыңда болсын» дейтін білікті маман салауатты өмір салтын да ұстанады. Ақмаржан Серікқызы 2003-2007 жылдар аралығында медицина қызметкерлері арасындағы спартакиадаларға белсеңді



қатысып, марапат мінберіне жиі шықты. Ал 2004 жылы қалалық мейіргерлер сайысында үздік үштікті түйіндеп, ұжымының абыройын арттырды.

– Менің бірнеше мамандығым бар. Қызылорда қаласындағы медициналық колледждің түлегімін. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін педагог-психолог мамандығы бойынша тәмамдадым. Түркістан көпсалалы жоғары медицина колледжінде мейіргер ісінің қолданбалы бакалаврын бітірдім. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің академиялық дипломын алдым. Оқу-білімнің артығы жоқ. Арманыңдағы мамандыққа 50 жасында қол жеткізсең де, кеш емес. Өйткені адам өзінің жақсы көрген мамандығында ғана рахаттана еңбек етеді. Ал сол мамандығың елдің қадесіне әркез асатын болса, онда сіз қуана беріңіз, – дейді ол.

Расында, 25 жылдық тәжірибесіне ол әркез тың білім қосып отырады. Жұмыс барысында офлайн және онлайн түрде өз біліктілігін арттыра жүруді дағдыға айналдырған. Біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін шындау мақсатында біліктілігін арттыру циклына, түрлі курстарға, семинарларға үнемі қатысады. Жоғары санатты мейіргер өзінің ісіне берілген, мамандығын өз өмірінің басты бағыты санайды.

– Ақ халатты абзал жан болу – ол тек оқу-біліммен келмейді. Ол – адам бойына тәзір сыйлаған талант. Мейлі, жүре қалыптасуы мүмкін. Бірақ бойыңнан сол мамандыққа бейім мен құрмет табылса ғана өз білігіңді еңсерсез. Мен осы салада тер төгіп, еңбектеніп жүргенім үшін бақыттымын. Маңдайдан аққан әрбір тамшы тер – халықтың алғысына апаратын жол, – деп мамандығының шынайы бағасын берді.

Емхананың күндізгі емдеу бөліміне ене қалсаңыз, ақ қанатты періштедей ақ халатты медбикелерді көресіз. Есіктен ене сала алдымен сәлемдесіп, кейін шаруаныңды біліп, сыпайы ғана әойлесіп жүрген олардың шынайы Ақмаржан Серікқызы айтқан қасиетті аңғарасыз. Міне, мамандықты сүю деген осындай болса керек-ті.

Дәулет ҚЫРДАН

Елімізде

1 шілдеден

бастап дәрі-дәрмек бағасы арзандайды. Бұл туралы денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаев мәлімдеді.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте вице-министр министрліктің дәрілік заттардың құнын төмендету, тіркеу рәсімдерін жеңілдету, сондай-ақ дәрілерді жоспарлау мен есепке алуы енгізуге бағытталған кешенді шаралар әзірленгенін атап өтті. Яғни бұған дейінгі дәрілік заттардың шекті бағасын белгілеу моделі өзгертілген.

Сала маманының айтуынша, бұдан бұрын шекті бағаға енгізілген, сондай-ақ негізсіз деп танылған кейбір үстемақылар алып тасталған. Ел аумағында тіркелген барлық дәрі-дәрмекке қайта есептеу жүргізілуде. Бұл шара 1 шілдеге дейін жалғасады. – Қазіргі таңда фармацевтикалық қоғамдастық көрсетілген моделді сынақтан өткізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Біз ТМҚКК және МӘМС шеңберіндегі дәрі-дәрмектің бағасы шамамен 19%-ға, ал көтерме-бөлшек саудадағы баға шамамен 30%-ға төмендейді деп күтудеміз, – деді вице-министр Ержан Нұрлыбаев.

Аталған кешенді шара аяқталған соң дәріханалардағы дәрі бағасы да, емхана мен стационар арқылы берілетін тегін дәрі-дәрмек халыққа қолжетімді болмақ. Оның ішінде көтерме бағамен екі мыңнан астам дәрі – 8 пайызға, 2 мыңға жуық медициналық бұйым – 14 пайызға төмендейді. Ал дәріханаларда сатылатын 5 мыңнан астам дәрі бағасы 30 пайызға арзандайды.

Сыбайлас жемқорлық – қоғаммен бірге дамып, қомақты қаржы мен бәсекелестік жүрген ортада тамырын терген жайған, әлі күнге дейін жойылмай келе жатқан күрделі әлеуметтік мәселе. Бұл құбылыс мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне келергі келтіріп, олардың беделіне нұқсан келтіреді. Сонымен қатар заңдылық принциптерін бұзып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің тапталуына себеп болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес — ортақ міндет!

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның қатысуын талап ететін маңызды іс екенін атап өтті. Осы ретте қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру қажет.

Осы бағытта «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан тұрақты түрде түсіндіру және оқыту жұмыстары жүргізілуде. Аппарат қызметкерлері мен бағынысты мекемелердің қызметкерлері үшін мемлекеттік қызмет және қызметтік әдеп нормалары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары жөнінде арнайы оқу ұйымдастырылады. Бұл шаралар заңбұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің әдептілік бейнесін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында өткізіледі.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер заңмен белгіленген шектеулерді сақтауы тиіс. Олар мүдделер қақтығысына жол бермеуі, жеке немесе заңды тұлғалардан

сыйлықтар алмауы, қызметтік өкілеттігін өз пайдасына немесе туыстарының мүддесіне пайдаланбауы қажет. Әр мемлекеттік қызметші өз іс-әрекеттері үшін заң алдында жауапты екенін терең түсінуі тиіс.

Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты ашықтық қағидатына негізделген «OpenSpace» форматында жұмыс істейді. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық парақшалар таратылып, жемқорлық фактілері туралы хабарлауға болатын байланыс нөмірлері көрсетілген. Аппарат қызметінде жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жұмыстары жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу — Қазақстанның әрбір азаматының азаматтық парызы. Бұл күреске барша қоғам болып белсенді атсалыссақ қана, әділетті әрі таза қоғам қалыптастыра аламыз.

«Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округінің әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

КӨП БОЛЫП КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңы қабылданғаны белгілі. Осы Заңның 9-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қарастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың бір жолы – бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық – өте қауіпті әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді. Әрі еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоюға шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер

Сәкен ӘБДІЖАППАР, Қызылөзек ауылдық округінің әкімі

